

Ербосын Гүлназ Адырбекқызы

*«Ақмола облысы Білім басқармасы «Целиноград ауданы, Ақмола ауылы
№11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ, Қазақстан
Республикасы*

Ерекше білімді қажет ететін балаларды сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы жағымды эмоциялармен ортаға бейімдеу

«Баланың ойынға деген құмарлығы бар,
сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек»

А. С. Макаренко

Ойын - адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ол арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Әдейілеп ұйымдастырылған ойындар балалардың ақыл, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойында қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегідей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Ойындағы мазмұндылық балалардың жанды тұлғасын құрайтын, әрекеттерінің, өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе. Қызығушылықты және ойынға ықылас пен ынтаны күшейтетін маңызды факторлардың бірі – ойын сюжетінің және рөлдік позицияларының болуы. Сюжеттік-рөлдік ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжеттік-рөлдік ойындардың ерекшелігі - балалардың өздері жасайды. Сюжеттік-рөлдік ойында бейнелеу құралы - рөл мен ойын әрекеттері болып табылады. Сипаты жағынан еліктеу, шындықты көрсету

мақсат ететін ойындар баланың рухани сезімін жасампаз өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алуымен бағытталады.

Мектепке дейінгі балалық шақ 3-тен 6-7-ге дейінгі жас — баланың дамуындағы айрықша кезең болып. Дәл осы жаста ішкі психикалық өмір және жүріс-тұрысты іштей реттеу пайда болады. Бұл ішкі өмір жалпы түсініктер бойынша әрекет ету қабілетінде, баланың қиялында, ерікті жүріс-тұрыста, ересектер және құрдастар арасындағы мазмұнды қарым-қатынаста танылады.

Ерекше білімді алу қажет ететін балаларды қоғамға біріктіру, әлеуметтік бейімдеу, білім беру және тәрбиелеу, бала дамуының бұзылыстарын алдын алу және нәтижелі түзету үшін ең қолайлы жағдайлар біздің түзету кабинетіміздің басты мақсаты. Баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу - әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына тез үйренуіне мүмкіндік туғызумен сипатталады. Білім беру ұйымдарындағы оқытудың негізіне қарай балалардың құқығын кемсітпеу, теңдік қатынасты қамтамасыз ету, арнайы жағдай қалыптастыру арқылы білім беру мен тәрбиелеу жатады. Зерттеулер көрсеткендей, ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы анықталған.

Бірінші жолы – ерекше білімді қажет ететін балаларды қоршаған ортаға бейімдеу арқылы тұлға қалыптастыру, кемшін тұстары – біржақтылығы. Бұл жолды таңдап нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақты болуы керек. Баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі де болу керек. Екінші жолы – ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындаудың ерекшеліктерін игеру.

Тәжірибелік жұмысымының басты міндетіне айналған аталмыш әрекетті психология мен педагогикада маңызды орын алатын ойы әреетімен байланыстарымен, және оның сюжеттік-рөлдік бағыттарын ұштаструын негізге ала отырып, балалармен қызықты әрі нәтижелі жұмыс атқарудамын. Практикада дәлелденгендей, балалардың әлеуметтік ортаға бейім-делуіне

ұжымда бірлесе жұмыс жасауы маңызды рөл атқарады. Сжет пен рөл - кезінде шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында:

1) Өзін еркін сезінуге үйренеді.

2) Ізденімпаздық тапқырлық әрекеттерін дамытады.

3) Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау секілді түрлі психикалық түйсік пен сезімдерін жетілдіруге түрткі болады.

Сонымен, қорыта келсек, ерекше білімді қажет ететін балаларды толыққанды білім беру үшін түрлі жас кезіндегі бала дамуының өзіндік психологиялық-педагогикалық-медициналық ерекшеліктерін, білім мен тәрбиенің заңдылықтарын терең білу шарт.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Гадирова Н.Г. Реабилитация детей с ограниченными возможностями физического здоровья в социокультурной среде Германии: Автореферат дис. канд. пед. наук.: Москва, 2002. 22 с.

2. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту // Отбасы және балабақша. - 2002. - №1. - 9-10 бб. 5.

3. Қоянбекова С. Ойын мақсатын талдау және оның мәні // Қазақстан мектебі. - 2002. - №1-2. - 45-49 б.